

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша ақпарат

2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЖМЗЖ ЗА) 505,92 млрд.теңгені¹ құрады.

ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфельіндегі борыштық қаржы құралдарын (ҮТМ) өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 14,98% құрады.

ЖМЗЖ ЗА қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдары бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфельінің құрылымы

Атауы	млрд.теңге				
	01.01.2025 жылға ағымдағы құны	01.01.2025 жылға үлесі	01.08.2025 жылға ағымдағы құны	01.08.2025 жылға үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
ҚР ҚМ МБҚ	200,31	78,30%	490,63	96,98%	144,94%
ҚРҰБ депозиттері	15,23	5,95%	14,37	2,84%	-5,64%
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат	0,10	0,04%	0,92	0,18%	819,07%
РЕПО операциялары	40,17	15,70%	0,00	0,00%	-100,00%
ҚРҰБ басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА жиынтығы	255,81	100,00%	505,92	100,00%	97,77%
Зейнетақы жарналары шотындағы ақша	2,53		0,73		
ЖМЗЖ ЗА жиынтығы	258,34		506,65		

ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфельіне ұлттық валютаға номинирленген қаржы құралдары ғана кіреді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары

ЖМЗЖ ЗА портфельінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ құрайды, олардың есепті күндегі ағымдағы құны 490,63 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 96,98% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде номиналды құны бойынша жалпы сомасы 47,15 млрд.теңгеге, оның ішінде тіркелген сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 16,96% орташа алынған кірістілікпен 39,65 млрд.теңге сомасына, сондай-ақ TONIA мөлшерлемесіне және 0,98% мөлшеріндегі тіркелген маржа сомасына тең кірістілікпен 7,5 млрд.теңге сомасына ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды. Есепті кезеңде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатылған жоқ және өтелген жоқ.

Есепті күнге ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 14,96% құрады.

ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер

Есепті күнге ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны 14,37 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,84%.

Есепті айда ағымдағы өтімділікті басқару аясында ЖМЗЖ ЗА бойынша табыстылықты ұстап тұру мақсатында ҚР Ұлттық Банкінің депозиттеріне инвестиция салынды. Мәмілелердің орташа көлемі жылдық 15,50% орташа алынған кірістілікпен 17,36 млрд. теңгені құрады.

Инвестициялық қызметтің нәтижелері

¹ зейнетақы жарналары шоттарындағы ақша есебінсіз

Ағымдағы жылдың басынан бастап ЖМЗЖ ЗА бойынша есептелген инвестициялық кіріс мөлшері (-) 1,31 млрд.теңгені құрады, аталған кезең үшін кірістілік (-) 2,20% құрады. Бұл ретте соңғы төрт айда есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 23,45 млрд.теңгені құрады.

Теріс инвестициялық кіріс инфляция және инфляциялық күтулердің өсуі аясында ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ кірістілігінің ұлғаюына байланысты олардың нарықтық құнының төмендеуі, оның ішінде ҚР Қаржы министрлігі тарапынан аталған бағалы қағаздардың жоғары ұсынысы аясында қалыптасты.

2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ЖМЗЖ ЗА кірістілігі соңғы 12 ай ішінде 12,52% құрады.

Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының² талаптарына сәйкес келеді. 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ЖМЗЖ ЗА бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы мәліметтер 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте. ЖМЗЖ ЗА бойынша инвестициялау лимиттері

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні (ЖМЗЖ ЗА жалпы көлемінен пайыздарбен)	Орындал уы (иә/жоқ)
	Инвестициялық шоттағы ақша	0,18%	
	РЕПО операциялары	0,00%	
1	Қазақстандық қаржы құралдары:	99,82%	иә
1.1	Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	96,98%	иә
1.2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері	2,84%	иә
1.3	Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары	0,00%	иә
2	Шетелдік қаржы құралдары, оның ішінде шетелдік қаржы нарықтарында айналымда жүрген құралдар:	0,00%	иә
2.1	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары	0,00%	иә
2.2	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	0,00%	иә

ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарды сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат

3-кесте. Есепті айда қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Номинал құны теңгемен
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	47 150 000 000
Жиыны			47 150 000 000

² Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2023 жылғы 23 қазандағы № 82 қаулысымен бекітілген БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы